

экономической контрабанды. Ее масштабы стали настолько высоки, что они создают серьезную угрозу национальным интересам Казахстана.

В современном уголовном праве экономическая контрабанда относится к разделу преступлений в сфере экономической деятельности и ее общественная опасность определяется тем, что данным деянием причиняется значительный ущерб внешнеэкономической деятельности, имеющей важное значение для развития экономики Республики Казахстан.

1. Баймаганбетов С.Н. Экономическая безопасность страны – приоритетная задача таможенной службы. <http://www.customsunion.ru/infoprint/5062.html>
2. Кодекс Республики Казахстан от 16.07.1997 № 167-І "Уголовный кодекс Республики Казахстан".
3. Борьба с экономической контрабандой. <http://www.nomad.su/?a-13-200907160410>
4. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному Кодексу Республики Казахстан (Особенная часть). - Астана, 2008. - 1207 с.

*А.К. Жанибеков*

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДА ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Дәлелдеу процесі және делелдемелер қылмыстық іс жүргізу құқығындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Дәлелдемелерді жинау, қолдану және пайдалану дәлелдеу процесіндегі негізгі құралдардың бірі. Бұл жердегі маңызды және қылмыстық іс жүргізудің негізгі мақсаты ақиқатты ашу және кінәліні әшкерелеу мәселесі шешімін табады.

Қылмыстық іс жүргізуде жасалған қылмыстың мән-жайлары туралы қол жеткізген ақиқатты «объективтік ақиқат» деген терминімен белгіленеді. М.С. Строговичтің ойынша «қылмыстық іс жүргізудегі «объективтік» ақиқаттың атауы өте маңызды ережені құрайды, себебі қылмыстық іс бойынша қол жеткізген ақиқат – формальді емес, шартты емес, бірақ оған жету үшін нақты бір формальді талаптар мен заңдық жағдайлар белгіленген. Сол үшін ақиқат мәні бойынша объективті шынайылығы бар» [1, 47].

Объективті ақиқаттың мазмұны – бұл қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеу нәтижесінде алынған қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар фактілер және мән-жайлар туралы білімдер. Осы арада тергеуші мен сот болған оқиғаның фактілі мәнін анықтай отырып, оған қылмыстық құқықтың сол не басқада бір нормасын қолдануды қолға ала бастайды, сөйтіп осы норманың немесе бірнеше нормалардың ішінен қайсысы жасалған әрекет үшін қандай жауапкершілік көзделетіндігін анықтайды. Тиісінше, объективтік ақиқаттың мазмұнына фактілер мен мән-жайлар туралы білімдерден басқа танылатын фактілер мен мән-жайларды қылмыс ретінде квалификациялауға заңдық баға беруі де кіруі қажет. Фактілер мен мән-жайларды анықтау кезінде ақиқатқа жету өзіндік орын алады, егер олар шынайылықта жүзеге асырылып және соған сәйкес дәл танылса ғана.

Әрекетті дұрыс саралау ол анықталынған фактілер мен мән-жайларды қылмыс құқығы нормаларына сәйкес екендігін білдіреді. «Егер фактілі мән-жайларды тіркейтін ақиқат, жалпы мазмұнды сипатты құраса, онда анықталынған фактілерді құқықтық бағалауды өзіне ала білген ақиқат формальды болып келеді және мазмұнды білімнің қандай да бір элементтерінен толығымен айырылған» [2].

Объективті ақиқат өзінің сипаты бойынша салыстырмалы және абсолюттік болып келеді. Салыстырмалы ақиқат – бұл объективтік шынайылықты дәлме-дәл, дұрыс бейнелейтін білім, бірақ ол барлық қасиеттер мен қатынастарда толық көрсетпейді.

Абсолюттік ақиқат – бұл бір немесе басқада заттарды, объективті шынайылықтың құбылыстарын түпкілікті, толық, жан-жақты тануы, яғни ол аталған заттар мен құбылыстардың барлық қасиеттері мен қатынастарын қамтитын тану.

Қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеу нәтижесінде қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайлар туралы білімді алу кезінде объективтік нақтылықтан алынатын мазмұндармен тұрақты толықтырылып отырылады. Сондықтан, қылмыстық іс жүргізудегі объективті ақиқат салыстырмалылық пен абсолюттік органикалық біртұтастықты құрайды. Сонымен қатар, кейбір қылмыстық іс жүргізуші ғалымдардың объективті ақиқатты іс жүргізушілік ақиқатқа алмастыруға талпынған көзқарастары сәтті деп атауға болмайды, себебі іс жүргізушілік ақиқат сот процесінің нәтижелері іс жүргізушілік құқықтың талаптарына сәйкес келуін білдереді. Мәселен, В.В. Никитаев жазғандай «объективті (материалдық) ақиқат Қылмыстық кодексіні үкімді тағайындау үшін қолдануға әсер ететін фикция, былайша айтқанда заңи фикция: сондықтан оны қылмыстық іс

жүргізудің құралы ретінде сақтауы іс жүргізушілік ақиқат бірінше орынға қойылатындығын жорамалдайды» [3, 76].

Қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеудің мақсаты болып тек объективті шынайылықты не басқаша сөзбен айтқанда объективті ақиқатты анықтауы ретінде орнықтырылады. Сонымен қатар, ҚР ҚІЖК қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы ережелерінде де, іс жүргізудің жекелеген сатыларында қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді реттеу кезінде де және іс жүргізудің ерекше нысандары барысында да «ақиқат» деген терминді тікелей қолданбайды. Бірақ, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын мұқият талдауы көрсететіндей, қылмыстық іс жүргізуде «ақиқат» терминін пайдаланудан бас тартқан жағдайда да қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде барлық мән-жайлар туралы объективті білімді алуға құқықтық негізге орын қалып отырады. Шынайылыққа сәйкес қылмыстық істің мән-жайларын анықтаудың кепілдіктерінің негізіне келесі құқықтық ұйғарымдар құрайды.

Алдымен, ҚР ҚІЖК 8 бабында белгіленген қылмыстық сот ісін жүргізудің мәнінің объективті сипаты. Мысалы, қылмыстық ізге түсу және кінәлі тұлғаға әділ жаза тағайындау бір жағынан қылмыстық сот ісін жүргізудің мәніне жауап берсе, екінші жағынан кінәлі емес тұлғаларға қатысты қылмыстық ізге түсуден бас тарту, оларды жазадан босату, қылмыстық ізге түсуге негізсіз тартылған тұлғалардың әрбірін ақтауда қылмыстық сот ісін жүргізудің мәніне жауап береді.

Жасалған қылмыстың объективті көрінісін анықтауды қамтамасыз ету қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген қылмыстық сот ісін жүргізудің принциптер жүйесіне негізделеді, олардың ішінде басыңқы болып мына принциптер орын алады, кінәсіздік презумпциясы (ҚР ҚІЖК 19 бабы), сот ісін жүргізуді тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыру (ҚР ҚІЖК 23 бабы), дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау (ҚР ҚІЖК 25 бабы).

В.Н. Григорьев мен А.В. Побединнің белгілеуі бойынша «нақты бір тұлғаның кінәлігіне қатысты күдіктерді жоюдың іс жүргізушіліктің барлық мүмкіндіктері таусылған жағдайда кінәсіздік презумпциясы принципін басшылыққа алу қажет, соңғысына сәйкес дәлелденбеген кінәлілік кінәсіздікті дәлелдеумен пара-пар келеді, яғни ақтау үкімі бұл жағдайда ақиқат анықталмағандықтан шығарылмайды, керісінше заң шығарушы оны анықталған деп санауды міндеттейді, себебі тұлғаның кінәсіздігі дәлелденген болатын» [4, 28].

Қылмыстық іс бойынша объективті ақиқатты анықтауға қылмыстық сот ісін жүргізетін органдардың қызметтерінің іс жүргізушілік жағдайлары, іс жүргізуге қатысатын барлық қатысушылардың іс жүргізушілік құқықтары бағытталады. Шынайылыққа сәйкес қылмыстық іс бойынша мән-жайларды анықтау мақсатында қылмыстық іс жүргізуде дәлелдемелер мен дәлелдеуді реттейтін ҚР ҚІЖК нормалары маңызды рөл атқарады. Мәселен, ҚР ҚІЖК 115 бабы, сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы осы Кодексте белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде көзделген әрекеттердің болғандығын немесе болмағандығын, айыпталушының бұл әрекетті жасағандығын немесе жасамағандығын және айыпталушының кінәлілігін не кінәлі емес екендігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтауды талап етеді.

Қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлардың тізіміне, аталған мән-жайлармен бірге, қылмыс оқиғасы мен қылмыстық заңда көзделген қылмыс құрамының белгілері (қылмыстың жасалу уақыты, болған жері, әдісі және басқа да мән-жайлары), қылмыстың заңмен тыйым салынған әрекетті кімнің жасағандығы, адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған әрекеттің себеп-дәлелдері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктер, айыпталушының жауаптылығының дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар, жасалған қылмыстың зардаптары, қылмыспен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері, әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығаратын мән-жайлар, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соқтыратын мән-жайлар жатады (ҚР ҚІЖК 117 бабы).

Бұның барлығы ҚР ҚІЖК қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеудегі басты мақсаты әлі де болса істің мән-жайларын зерттеу туралы ақиқатты білімге жету, яғни шын мәнінде болған істің фактілі мән-жайлары қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының тұжырымдарына сәйкес болуын білдіреді.

Біз 200 тәжірибелік қызметкерлер арасында жүргізген сауалнама нәтижесінде «Қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеудің мақсаты ақиқат болып табылады ма?» деген сұраққа басым көпшілігі оңды жауап берді. Қойылған сұраққа «ия» деп 161-і жауап берсе (80,5%), «жоқ» деп 38-і жауап берді, ал сұралғандардың біреуі ғана (0,5%) «білмеймін» деп жауап берді. Сонымен бірге, қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеу үшін «дұрыстық» пен «ықтималдық» түсініктерінің ара қатынасы әлі де болса мәселе болып отыр, себебі дұрыстықта және ықтималдықта негізделген білімнің деңгейі болып табылады. Бірақ, тек дұрыс білім ғана шынайылық болып саналады. Тек қылмыстық істің мән-жайлары туралы дұрыс білім ғана түпкілікті нәтижеде қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеуге әсер етеді.

«Ықтималдық» философиялық категориясы «дұрыстық» категориясымен пара-пар келеді. Ғылыми тұрғыдан «ықтималдық» пен «дұрыстық» категориялары субъект жеткен танудың, білімнің алуан түрлі деңгейлерін, негізделудің алуан түрлі дәрежелерін, білімнің дәлелденгенін сипаттайды. Ықтималды білім дұрыс білімге қарағанда алынған білімдерге қатысты күдіктер келтіреді. Ал, дұрыс білім күдіктер келтірмейді, онда тек сенімділік пен нанымдылық болады. Ықтималдық әрқашанда оң және теріс сипаттағы соңғы тұжырымдарсыз қалыптаспаған категорияны білдіреді. «Егер бізде толық емес, керісінше оны ақиқатты деп танудың бірқатар негіздері болғанда ғана білім ықтимал болады, сол себеппен ол одан әрі негізденуге (дәлелденуге) жатады және сондықтан ол бізге нақты сенімділік туғызады, бірақ ол сенімділік бізді ақтамағандықтан біз оған дайын емеспіз» [5,92]. Бірақ, ескерту қажет, қылмыстық іс жүргізу заңы гносеологиялық заңдылықтарға қарамастан ықтималды білімге жету кезінде және мәндес тұжырымдармен дәлелдеудің аяқталуын белгілейді.

Бұл ҚР ҚІЖК 37 бабында айтылған негіздер бойынша қылмыстық ізге түсуді қысқарту туралы іс жүргізушілік шешімдерді қабылдау (әрекетте қылмыс құрамының болмауы), сондай-ақ ҚР ҚІЖК 376 бабының 2 тармағының 2 тармақшасы бойынша ақтау үкімін шығару (сотталушының әрекетінде қылмыс құрамының болмауы) сәттері болып табылады. Аталған жағдайлар айыпталушының кінәлі еместігінің «шынайылығы» туралы білімнің анықтығына қол жеткізуіне болады не болмайды, себебі «қылмыс құрамының болмауы» қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында қылмыстарды жасауда тұлғаның кінәлігін анықтау үшін жеткілікті емес дәлелдемелердің жиналу жағдайын және жиналған және тексерілген дәлелдемелер жасалған қылмысқа тұлғаның кінәлі еместігін көрсететін жағдайларды да өзіне сіңіріп алады. Сонымен бірге, қарастырылып отырған жағдайларда дәлелдеу нәтижелері бойынша барлық тұжырымдар, егер олар ықтималды маңызыне ие болса да тұлғаны толық ақтауға бағытталуы тиіс. Қалған жағдайларда білімдердің ықтималды деңгейіне жеткенде қылмыстық істің мән-жайларын тану процесі оң және теріс сипаттағы түпкілікті тұжырымдармен аяқталмайды.

Сондықтан, тұлғаның қатысы жоқтығы кезінде дәлелдеу нәтижелері бойынша жасалған қылмысқа гносеологиялық көзқарастары тұрғысындағы тұжырымдардың ықтималдығы қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде жиналған дәлелдемелер тұлғаның жасалған қылмысқа кінәлігін анықтау үшін жеткілікті емес болғанда ғана қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеу қылмыстық істің мән-жайларының білімділігінің анықтығымен аяқталады деген жалпы ережелерінен шығады. Сонымен қатар, қылмыстық істің мән-жайлары туралы ықтимал білімі дәлелдеу пәнін анықтаумен байланысты емес дербес іс жүргізушілік шешімдерді қабылдау үшін пайдаланылады: қылмыстық істі қозғау туралы, бұлтартпау шараларын қолдану туралы, тергеу іс әрекеттерін жүргізу туралы (мысалы, тінту мен алу), тұлғаны жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер деп тану, қылмыстық істерді біріктіру, бөлектеу, тоқтату тұру туралы және т.б. Қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеудегі ықтималды білімнің негізділігіне зерттелетін мән-жайлар туралы мәліметтер не ақпараттар жатады, өз кезегінде олар шын және жалған болады. Дұрыстық, керісінше қылмыстық іс бойынша мән-жайларды зерттеу туралы білімнің толықтығымен сипатталады, сонымен қатар ол осы мән-жайларға қатысты тұжырымдарды дәлелдемелер арқылы дәлелдеуге мүмкіндік туғызады. Дұрыстық субъективтік көзқарас бойынша нақты бір мән-жайларды бағалауда немесе факт дұрыс және толық болғанда сенімділікті көрсетеді.

Білімнің дұрыстығы дәлелдеу пәнінің мән-жайларын анықтауға байланысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде шешімдерді қабылдау барысында қолдануы міндетті:

1. тұлғаны айыпталушы ретінде тарту;
2. ҚР ҚІЖК 37 бабының 1 тармағының 1 және 2 тармақшасына, 51 бабының 1 тармағына, 38 бабының 1 тармағына сәйкес қылмыстық істі қысқарту немесе қылмыстық ізге түсуді қысқарту;
3. айыптау қорытындысын құрастыру туралы;
4. айыптау хаттамасын құрастыру туралы;
5. үкімді шығару туралы.

Аталған қылмыстық істер бойынша шешімдердің түрлері мазмұнды дұрыстыққа тән болуы тиіс: бұл шешімдер дәлелдемелердің дұрыс логикалық құрылысына негізделіп қоймай, сонымен бірге оларды қабылдау үшін фактілі негіз болған істің мән-жайларын жан-жақты және объективті зерттеуге де негізделеді. Сондықтан, дәлелдемелерді құрайтын қылмыстық іс бойынша қабылданатын шешімдер негізінде дәлелденуге жататын мән-жайларды анықтауға қатысты бір мағыналы негізделген тұжырымдар жасалынуы құқық қорғау органдарында орын алатын осы жағдай орынсыз болып табылады.

3. Никитаев В.В. Проблемные ситуации уголовного процесса и юридическое мышление / Состязательное правосудие: труды научно-практических лабораторий. М., 1996.
4. Григорьев В.Н., Победин А.В. О методологии совершенствования доказательственного права // Государство и право. 2003. № 10.
5. Комлев Б. О понятии доказательств // Социалистическая законность. 1991. №11.

\*\*\*

In the given article the questions connected with proofs and the proving on criminal case are considered. The problems of a parity of the proof and proving in criminal trial are studied in the article. The norms of the criminal procedure law regulating process of proving are analyzed.

\*\*\*

В статье рассматриваются вопросы, связанные с доказательствами и доказыванием по уголовному делу. В статье изучаются проблемы соотношения доказательства и доказывания в уголовном процессе. Анализируются нормы уголовно-процессуального закона, регулирующие процесс доказывания.

*Т.Б. Темирбаев*

## ОСОБЕННОСТИ НАЗНАЧЕНИЯ И ПРОИЗВОДСТВА СУДЕБНОЙ ФОНОСКОПИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ

Фиксация с помощью технических средств речевой информации, передаваемой по акустическому каналу, — наиболее распространенный сегодня способ получения криминалистической информации, имеющей не только ориентирующее, но и доказательственное значение. Аудиозаписи, как результат контроля и записи телефонных и иных переговоров, приобщаемые к материалам уголовных дел, служат одним из наиболее объективных источников доказательств, имеющих существенное значение не только для раскрытия и расследования, но и для выявления и предотвращения тяжких и особо тяжких преступлений.

Современное кыргызское законодательство обуславливает необходимость дальнейшего совершенствования правового и методического обеспечения судебной фоноскопической экспертизы.

В то же время повышение эффективности использования результатов судебной фоноскопической экспертизы как источника доказательств по уголовным делам, в которых фигурируют фонограммы как вещественные доказательства или документы, неразрывно связано с проверкой законности происхождения и правильным процессуальным оформлением приобщаемых к уголовному делу фонограмм[1].

Представляемые на фоноскопическую экспертизу фонограммы могут быть получены из следующих источников: в результате осуществления контроля записи телефонных и иных переговоров по постановлению следователя на основании судебного решения или по письменному заявлению потерпевшего, свидетеля или их близких родственников, родственников при наличии угрозы совершения насилия, вымогательства и других преступных действий; фонограммы приобщаются в полном объеме к материалам уголовного дела в качестве вещественного доказательства на основании постановления следователя;

В результате применения технических средств в ходе оперативно-розыскных мероприятий, которые используются в доказывании если они отвечают требованиям УПК КР, регламентирующих собирание, проверку и оценку доказательств; для приобщения их к уголовному делу в качестве доказательств подозреваемым, обвиняемым, а также потерпевшим, гражданским истцом, гражданским ответчиком и их представителями, а также защитником, который также вправе собирать доказательства путем получения предметов, документов и иных сведений для осуществления юридической помощи; как объекты, предположительно связанные с совершением и сокрытием преступления, могут быть обнаружены и изъяты при осмотре, при обыске, выемке.

Собранные фонограммы приобщаются к материалам уголовного дела в качестве вещественных доказательств после их осмотра и прослушивания в соответствии с требованиями УПК КР. Результаты осмотра отражаются в протоколе осмотра и прослушивания фонограммы с соблюдением требований УПК КР. Фонограммы могут быть получены при производстве следственных и иных процессуальных действий, они хранятся при уголовном деле, по существу, являясь приложениями к соответствующим протоколам. Судебная фоноскопическая экспертиза является одним из предусмотренных законодательством процессуальным действием по проверке относимости и достоверности записанной на фонограмме информации, имеющей значение доказательства.

Производство судебной фоноскопической экспертизы по уголовным делам, как правило, поручается государственным судебным экспертам — сотрудникам государственных судебно-экспертных учреждений, имеющим необходимые специальные знания. Для продуктивной работы фоноскопические лаборатории должны быть оснащены необходимым инструментарием,